

**Жаңалық релизi****Алматы уақытымен 12:00/ 07:00 UTC 5 ақпан 2025 дейін жариялауға эмбарго**

# **FREEDOM HOLDING CORP.**

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®**

### **2025 жылдың басында іскерлік белсенділік қайта жанданды**

#### **Іскерлік белсенділік өсімінің қайта жандануы**

#### **2022 жылдың тамызынан бергі жұмыспен қамтудың ірі өсімі**

#### **Шығын инфляциясы одан әрі күшейді**

Қаңтар айында Қазақстанда жаңа кәсіпорындар саны артуымен бірге қызмет көрсету саласында белсенділік күшейді.

Freedom Holding Corp. және S&P Global ұсынған PMI® индексінің соңғы мәні көрсеткендей, Қазақстанның қызмет көрсету саласында жыл басында оң көрсеткіштер басым болды. Өткен айда бәсеңдеген белсенділік қайта жанданды, бұл өз кезегінде жаңа кәсіпорындар санының артуына ықпал етті. Бұған қоса, кәсіпорындар жұмысшыларды көптеп тарта бастады және ол 2022 жылдың тамыз айынан бергі ең жоғары мәнге жетті.

Алайда, саланың өсімі баға қысымының күшеюімен бірге жүрді және ресурс бағасы мен дайын өнім құнының қымбаттауы да желтоқсан айына қарағанда қарқынды болды.

Негізгі көрсеткіш - Іскерлік Белсенділік индексі. Ол іскерлік белсенділік ауқымының бір ай бұрынғы көрсеткішпен салыстырғандағы өзгерісін анықтау үшін қойылатын жалғыз сұрақтың жауабы негізінде есептеледі. Индекс 0 мен 100 арасында құбылады, 50 ден жоғары мән өсімді, ал 50-ден төмен мән қысқаруды білдіреді. Индекс маусымдық өзгерістерге қарай түзетіліп отырады.


Желтоқсанда 49.7 болған негізгі индекс қаңтар айында 50 деген бейтарап мәннен жоғары қалыптасып, 51.3 болды. Қызмет көрсету саласындағы белсенділіктің соңғы өсімі аз да болса, өткен жылғы шілде айынан бергі ең елеулісі болды.

Қазақстанның қызмет көрсету саласындағы белсенділік өсімінің қайта жандануына қаңтар айында жаңа тапсырыстардың елеулі түрде өсуі серпін берді. Өсім соңғы үш сауалнама кезеңінің әрбіреуінде байқалды және кейінгісі соңғы алты айдағы ең елеулісі болды. Сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, сұраныстың артуы, табысты жүргізілген маркетинг науқандар және жаңа қызмет түрлерін таныстыру өсімді қамтамасыз етті.

Жаңа тапсырыстар ауқымының өсуі кәсіпорындардың еңбек күшін арттыру туралы шешім қабылдауына түрткі болды. Қаңтар айында бесінші рет жұмыскерлер санының артуы

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дерек 2025 ж. 09-28 Қаңтар аралығында жиналған.

Дереккөз: Freedom Holding Corp. S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

#### **Пікір**

Ерлан Әбдікәрімов, Freedom Finance Global PLC (Freedom Holding Corp. 100% еншілесі) Қаржылық талдау департаментінің директоры:

"Қазақстанның қызмет көрсету саласы желтоқсандағы бәсеңдеуден кейін, жаңа тапсырыстардың арқасында жылдың алғашқы айы оптимистік толқында аяқтады. Бұл өз кезегінде сауалнама басталған алты жылдан бері жұмыскер санының ең жоғары қарқынмен өсуіне ықпал етті. Іскерлік белсенділіктің қайта жандануымен бірге, шикізат бағасы мен логистика шығыны өсіп, нарық валюталық тәуекелдің өсуіне байланысты инфляцияның жеделдеуімен бетпе-бет келді. Шығын инфляциясы өткен жылдың наурыз айынан бері елеулі деңгейде артқандықтан, нарық қатысушылары оны сатып алушылар есебінен өтеді. Сала өкілдері "сұраныс артады, бизнес ауқымы кеңейіп, жаңа жобалар қолға алынады және геосаяси жағдай жақсара түседі" деген үмітпен алдағы жылға қатысты айтарлықтай жақсы болжам жасап отыр."

тіркелді және соңғы өсім сауалнама жүргізу басталған 2019 жылдың наурыз айынан бергі жаңа жұмыс орындарын ашу бойынша ең елеулі мәнге жетті.

Жылдың басында байқалған өсім 2025 жыл бойы сақталады деп күтіледі, бизнес иелерінің сенімі жоғары. Іс жүзінде оптимистік күй он айдағы және тарихи ең жоғары деңгейде болды. Көңіл-күйдің оң болуына ықпал еткен сұраныс жағдайы жақсарады деген үміт пен геосаяси жағдайдың жақсаруы және жарнама мен жаңа қызмет түрлерін таныстыру жоспары болды.

Алайда, қаңтар айындағы деректер Қазақстанның қызмет көрсету саласына инфляциялық қысымның артқанын көрсетіп отыр. Шығындар күрт ұлғайды. Соңғы өсім күрт және тарихи тұрғыда соншалықты ірі көрсеткіш болмаса да, соңғы жылдың наурыз айынан бергі ең елеулісі болды.

Сұраныстың артуы нәтижесінде қызмет ұсынушылар өз шығындарын клиенттерден өндіріп алуға мүмкіндік берді. Қаңтар айында шығындар күрт ұлғайды, дайын өнім бағасы инфляциясының қарқыны, ұзақ мерзімді орташа көрсеткіштен асып, 11 айлық максимум мәнге жетті.

## FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША АРАЛАС PMI

### Қаңтарда Қазақстанның жеке секторы бірқалыпты өсім көрсетті

Қазақстандағы PMI Аралас іскерлік белсенділік индексі үшінші ай бейтарап 50.0 мәнінен жоғары қалыптасты. Желтоқсан айындағы 51.6 көрсеткішінен 51.3 мәнге түсуі жеке сектордағы өндірістің бірқалыпты өскенін көрсетеді, алайда қазіргі тізбектегі ең әлсіз өсу болды.

Қаңтар айында екі негізгі сектор да біртіндеп өсті, алайда өсу үрдістері әртүрлі болды, өндірушілер өсім қарқынының анағұрлым баяулағанын атап өтті, ал қызмет көрсетушілер іскерлік белсенділіктің жаңа серпінін атап өтті.


Жаңа тапсырыстардың өсу қарқыны сәл баяулады, алайда қаңтар айында жаңа бизнес тұрақты түрде арта берді.

Қаңтарда Қазақстанның жеке секторындағы сенім деңгейі нығая түсті. Оптимизм тоғыз айлық максимум көрсетті және тарихи жоғары мәнге жетті.

Жеке сектордағы кәсіпорындар еңбекақы көлемін ұлғайтты, қаңтар айында өсім елеулі болды, 2022 жылдың тамыз айынан бергі ең маңызды өсім болды.


Алайда жыл басында баға қысымы күшейді, дайын өнім бағасының инфляция қарқыны тарихи орташа мәннен асып кетті.

■ PMI Ресурс бағасы ■ Баға белгілеу бойынша PMI  
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: Freedom Holding Corp, S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

■ Қазақстан бойынша аралас PMI ■ Жалпы ішкі өнім (GDP)  
Өндірістік индекс, маус.түзету, >50 = өткен айға қарағанда өскен % ж/ж



Дереккөз: Freedom Holding Corp, S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

## Байланысушы тұлға

Ерлан Әдбікәрімов  
Қаржылық талдау  
департаментінің директоры  
Freedom Finance Global PLC  
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz  
Freedom Holding Corp

Қоғаммен байланыс  
департаменті  
Freedom Finance Global PLC  
pr@ffin.kz  
Freedom Holding Corp

Марьям Балуч  
Экономист  
S&P Global Market Intelligence  
T: +44 (0) 1344 327 213  
maryam.baluch@spglobal.com

Корпоративті коммуникация  
S&P Global Market Intelligence  
press.mi@spglobal.com

Егер S&P Global жаңалықтар релизін алғыңыз келмесе [press.mi@spglobal.com](mailto:press.mi@spglobal.com) поштасына хабарлаңыз. Біздің құпиялық саясатымыз туралы [осы тұстан](#) оқыңыз.

## Әдістеме

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген.

Қамтылған салалар арасында тұтыну (бөлшек саудадан басқа), көлік, ақпарат, коммуникация, қаржы, сақтандыру, жылжымайтын мүлік және бизнес қызметтер бар. Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айналымы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік. Бұл алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексі өндірістегі өнім өндіру индексімен пара-пар. Ол «Қызмет көрсету бойынша PMI» аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Аралас Өндірістік Индекс- Өндірістегі өнім өндіру индексі мен Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексінің орташа мәні. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Аралас Өндірістік Индекс «Аралас PMI» деп аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін [economics@spglobal.com](mailto:economics@spglobal.com) поштасына жазыңыз.

## Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдасқа деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде еспесіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған

## Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртарапандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 7,5 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 22 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары [www.freedomholdingcorp.com](http://www.freedomholdingcorp.com).

## S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі

[www.spglobal.com](http://www.spglobal.com)

## S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар

[www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/](http://www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/)